

"2020 – 2022 жылдарға арналған конкурстық рәсімдерден тыс бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 5 тамыздағы № 496 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 23 тамыздағы № 573 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2020 – 2022 жылдарға арналған конкурстық рәсімдерден тыс бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 5 тамыздағы № 496 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"2021 – 2023 жылдарға арналған конкурстық рәсімдерден тыс бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2021 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджеттен 2021 – 2023 жылдарға арналған конкурстық рәсімдерден тыс бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қазақстан Республикасында дербестендірілген және превентивті медицинаны енгізудің ұлттық бағдарламасы" ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша жеке әріптестің қатысуымен жүзеге асырылады деп белгіленсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

А. Мамин